



БҰЙРЫҚ

2026 жылғы 14 ақпан
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 1/1
город Астана

**«Қарағанды индустриялық университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар
кеңесінің кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2026 жылғы 9 қантардағы № КГИП-02-КГ/13986 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Қарағанды индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жылға ұзыртылсын.

2. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2025 жылғы «14» сәуірі
№ 11 бұйрығына қосымша

**«Қарағанды индустриялық университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының директорлар кеңесінің құрамы**

Жүсіпов Арман Нұртайұлы	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Заң департаменті директордың орынбасары;
Тынысбеков Бауыржан Асқарұлы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша);
Жаутиков Бахыт Ахатович	«Қарағанды индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы – Ректоры;
Шаймарданов Жасулан Құдайбергенұлы	профессор, биология ғылымдарының докторы, тәуелсіз директор (келісім бойынша);
Быков Владимир Анатольевич	Директор ТОО «WORLD CONSULTING GROUP», тәуелсіз директор (келісім бойынша);
Зияшева Айжан Канатқызы	Акционерлік қоғамның «Qarmet» оқыту, дамыту және персоналды іріктеу жөніндегі директоры, тәуелсіз директор (келісім бойынша).